

## Жетісай қаласындағы Теміржол көшесінің атауын өзгерту туралы

Бірлескен Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал аудандық мәслихатының 2010 жылғы 22 желтоқсандағы N 40-273-IV шешімі және Мақтаарал ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 21 желтоқсандағы N 1201 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал ауданы Әділет басқармасында 2011 жылғы 25 қаңтарда N 14-7-136 тіркелді

Қазақстан Республикасы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6, 33 баптарына, «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Заңының 12 бабына сәйкес, тиісті көше тұрғындарының ұсынысы және аудандық ономастикалық комиссияның хаттамалық шешімі негізінде Мақтаарал аудандық мәслихаты **ШЕШТІ** және Мақтаарал ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ** **ЕТТІ:**

1. Жетісай қаласындағы Теміржол көшесінің атауы Ер Қосай көшесі болып өзгертілсін.

2. Осы шешім және қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі:*

*С. Тұрбеков*

*Аудандық мәслихат сессиясының төрағасы:*

*А. Шнетов*

*Аудандық мәслихаттың хатшысы:*

*Ж. Әбдәзімов*